

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ҚАРА СӨЗ» ТЕОРИЯСЫ – АБАЙ ҒАҚЛИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ

МУРАТОВА Г.Ә.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы, профессор,
Астана Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается, что Ахмет Байтұрсынұлы был первым ученым, который исследовал творчество Абая в научном контексте. Он является ученым, определившим языковую личность Абая, стиливые особенности в творчестве Абая. Жанр слов назидания Абая можно определить с помощью теории прозаического жанра Ахмета Байтұрсынова.

Abstract. The article considers that Akhmet Baitursynuly was the first scientist who researched the work of Abai in a scientific context. He is a scientist who determined the linguistic identity of Abai, the stylistic features in Abai's work. The genre of Abai's words of edification can be determined using the theory of the prose genre of Akhmet Baitursynuly.

Қазақ мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші, тұңғыш филолог-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ұлт руханиятына қосқан үлесі өлшеусіз. Бұл дәлелдеуді қажет етпес ақиқат. Ғалымның қазақ халқының рухани, мәдени өлшемін көрсететін құндылығы жоғары «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектері қазақ сөз өнерін өз биігіне көтерген алғашқы бірегей туынды, тұңғыш ғылыми зерттеу болып табылатындығы да мәлім.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдеби теориялық ой пікірді ғылыми жүйеге түсіріп, әдебиеттің тегі мен түріне ұлттық сипат дарытқан ірі туынды. Осы еңбегінде 1) проза жанрының теориялық мәселелерін анықтауға; 2) қара сөз (проза) жанрының өзіндік белгілерін ажыратуға; 3) қара сөздің мазмұндық-құрылымдық сипатын айқындауға; 4) қара сөздің, бүгінгі тілмен айтқанда, коммуникативтік-прагматикалық қызметін айқындауды мақсат тұтқан (ол үшін Абай шығармашылығынан көптеген үлгі-үзінділер келтірілген) [1, 319].

А.Байтұрсынұлының қара сөзге берген анықтамасының теориялық-ғылыми өзегі де, мазмұн-сипаты да Абай қара сөздерінің табиғатымен үйлеседі. Ғалымның қара сөз жөніндегі теориялық қағидаттары ақынның ғақлия сөздерінің мазмұн межесі мен тұрпат межесіне (план содержания, план выражения) дәлел бола алған. Сөйтіп, барынша сәйкесіп, теория мен практиканың бірлігіндей сабақтаса «қауымдасқан» деп дәйектейміз. Осы зерттемесінде ғалым прозалық мәтіннің өзіне тән сипат белгілерін ажырата көрсеткен. «Әдебиет танытқышта» бүгінгі әдебиеттанудың бірқатар теориялық мәселелерін негіздеп, кейінге арқау болар терең олардың ғылыми бағдарын айқындап береді. Соның бірі: қара сөз теориясына байланысты ойтүйіндері. Ғалым қара сөзді «жалаң сөз» деп белгілейді: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым-терең, мағына-күшті, пікір-дәлелді болып айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. ...Жалаң сөз зейін байлығына қарайды [1, 209]. Шындығында, Абай Қарасөздерін этникалық сана мен оның тілдік бейнесі сипатында зерделегенде ғана еңбектің сапалық қасиеті айқын көрінері анық. Ол – жай ғана көркем туынды, әдеби жанр қатарындағы шығармашылық емес, қоғам өмірінің көркем мазмұн иеленген көрінісі. Ол – хакім Абайдың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпалы зор болған еңбек.

«Тіл танытқышта»: «Неғұрлым ашық, неғұрлым жалаңаш болса, шындық солғұрлым ашық, солғұрлым жарық болмақ» деп шынның жүзін көлегейлеуге болмайтынына екпін түсіре айтады. Шыныны әдемілеп бояп тастасан, ол күңгірттеніп, жарық түспей қалатынындай... сондықтан ол боямасыз, жалаң тұруы керек деген астарлы, бейнелі ой түйеді.

«Жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады» [1, 210]. Иә, қарасөздердің бағасы «Абай заманындағы жағдайды, тарихи шындықты бұлжытпай толық танытып бергендігінде» (М.Әуезов), ол сонысымен де өміршең әрі құнды.

«Қара сөзден адам тек ұғым алады», - деп түйіндей келіп, ұғымның өзін *ес ұғымы* және *іс ұғымы* деп жіктейді де, әрі қарай іштей тағы бірнеше салаларға жүйелейді.

А.Байтұрсынұлының жіктемесіне орайластыра алғанда, қара сөздегі ой тарабы: ғалам тарабына, құдай тарабына, ғылым тарабына, әлеумет тарабына, үгіт-тәрбие тарабына, сын тарабына» [1, 212] бағытталатыны Абай қара сөздеріндегі ой желісінің бағыт-бағдарын толық қамтып тұрғанына көз жеткізе аламыз.

«Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [2, 218].

А.Байтұрсынұлының сала-салаға бөлініп, сараланып берген ой-пайымынан шығар түйіндеме: осы ұғым жүйелері адам зейіні арқылы бүтін ғаламды тануға жұмсалып, осыны танып, біліп, пайымды ой түйе білген, ол ұғымдарды парасаттай алған адам – даналық мақсатын игерген адам болып табылады деген салиқалы тұжырымдары да Абай хакімнің даналық ойларының көрінісіндей. Абай ғақлиясының немесе саналы пікір, өмірден туған ойлы, терең тұжырымының табиғатын айқындап береді.

А.Байтұрсынұлының қара сөзге қатысты теориялық негіздемесіне байланысты келесі бір басшылыққа алатын, әдебиеттану мен абайтану ғылымының өзекті мәселесінің бірі – Абайдың қара сөз жанрының айқындауға байланысты мәселе. Оның да жауабын ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінен табамыз.

Әрине, қара сөздің жанрлық ерекшелігіне қатысты пікір-тұжырымдар абайтанушы ғалымдар тарапынан зерделеніп келетіні белгілі. Сол зерттемелердің қайнар көзі ұлы Абайдың тілдік тұлғасын ғылыми негізде алғаш зерттеуші А.Байтұрсынұлының ұстанымдарынан бастау алатыны ғылыми ортаға мәлім.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің «қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген екінші бөлімінде қара сөзді: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама деген салаларға ажыратады. Ғалым әуезені іштей бірнеше түрлерге жіктей отырып, (Шежіре. Өмірбаян. Мінездеме. Тарих. Тарихи әңгіме. Заманхат.) әрқайсысына ғылыми сипаттама беріп, заманхат болатын түріне Абайдың қара сөздерін жатқызады [1, 211-214]. «Әуезенің» бір түрі деп қарастырған. «Заманхатқа» берген анықтама Абай қара сөздерінің сипаты мен мінездемесін айқындап тұрғандай.

А.Байтұрсынұлы Абай Қарасөздерінің жанрын «эссе» деген терминмен белгілемесе де, эссеге тән сипаттың біраз белгілерін көрсеткен екен. Біздің саралап, зерттеуіміз бойынша, заманхат термині бүгінгі ғылыми айналымдағы «эссе» жанрының «қазақша» баламасы орнына жүреді деп айта аламыз [3, 285-298].

Ал заманхаттың өзіндік ерекшеліктері эссе жанрының табиғатына үйлесетін, ортақ тұстар молынан кездеседі. Соның біріне мысал: «Заманхатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады», - деген сипаттама эссе жанрына тән, яғни эсседе көтерілген мәселелердің де белгілі бір уақытқа тәуелді болмайтыны белгілі. Немесе «заман хатта... уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал», – деп белгілейді. Бұл эсседегі ой еркіндігі мен баяндау формасының қатаң «тәртіпке бағынбайтындығын» танытады. Қарасөздер бойынан да осы белгілерді таба аламыз.

«Әдебиет танытқыштағы» тағы бір сипаттама эссе жанрына берілетін айқындаманы еске салады. Ол – қара сөз жазушысының білім-білігі мен таным көкжиегіне қатысты мәселе [1, 215]. Эссе авторының білімі терең де биік болатындығы – жанрға қойылатын басты талап, өйткені өмірдің әр саласынан сыр шерткен, қалтарыс-құбылыстарын көкірек көзімен зерделеген жазушының жан дүниесі тұнған рухани байлық болуы – заңды қажеттілік. Ал қара сөз авторы Абай ойшылдың ой әлемі, рухани дүниесі де ұлағат арқалаған парасат-пайымға, терең білімге толы екені белгілі. Шындығында, А.Байтұрсынұлы ерекше екпін түсіре айтқан Абай білімі ел билеу үстінде танылған білігі мен түйінді сөздерінен ғана байқалмайды, оның өлеңі мен қара сөздеріндегі ой қуатынан, сөздер сырынан да ұғынылады. Бұл – оның тілдік тұлғасының қалыптасу уәжін айқындайтыны ақиқат. ...«Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп,

таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдында білімін салғанда, басқалар малын салған»... [1, 300]. Абайдың «билердің білігін, шешендердің сөзін», көсемдердің үлгілі істерін көп білгендігін айта отырып, лингвист-ғалым оның рухани кемелдігі жайлы осылайша ой түйеді.

Ендеше, бұл сипатты да Қарасөздер жанрын эссе деп тануға уәж болатын тағы бір белгі деп есептейміз.

Абай шығармашылығы бұл күнде әр қырынан зерттеліп келеді. Мысалы, кейінгі зерттеулерде айтылып жүрген ойды «Әдебиет танытқыш» авторы бұдан көп бұрын қысқа ғана қайырып, тұжырымдай түйіндеген: «Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздердің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. ...Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [1, 303]. Ғылыми көкірек көзімен (интуиция) дәл тани білгеніне тәнті боласыз. А.Байтұрсынұлы Абайдың суреткерлік шеберлігі («әр нәрсенің асылын сөз қылу»); таным тереңдігі («асылды, хақиқатты тану»); білім көкжиегі («тереңнен сөйлеуі, зеректігі»); жаңашыл ізденімпаздығы сияқты қырларына баса назар аударған. Міне, бұл көрсетілген стильдік ерекшеліктер де эссе жанрындағы тілдік тұлғаға қойылар талаптар қатарынан орын алады.

Қарасөздер жанрын анықтауға талпыныс І.Жансүгіров тарапынан да жасалған. І.Жансүгіров әдебиеттің жанры толық қалыптасып үлгермеген кездің өзінде-ақ Қарасөздің құрылымдық, стильдік ерекшелігіне назар аударған. Әдебиетші ақын, сонау отызыншы жылдары жазылған «Абайдың сөз өрнегі» атты мақаласында («Әдебиет майданы», 1934, № 11-12) былай дейді: «Әйтсе де Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қарасөзінің (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен?» [4, 200] – деген сараптама жасайды. Ақын шығармашылығына терең зерттеу жүргізген І.Жансүгіров Абайдың суреткерлік шеберлігін, ақын поэзиясының көркемдік ерекшелігін танып, лайықты бағалай білген.

Жалпы, Абай қара сөздерінің ғылыми арналары мен тақырыптары жайлы М.Әуезов те алғаш пікір білдіргені белгілі [2, 221]. «Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қара сөз» деп аталған [2, 217].

Осылайша, Абайдың қара сөздері жанрын айқындау тұңғыш лингвист-ғалым А.Байтұрсынов зерттеулерінен бастау алып, ұлы Әуезов танымымен толығып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. «Абайдың прозалық шығармалары тұңғыш рет ақын мұрасының 1933 жылғы басылымында «Ғақлия сөздері» деген атпен жарық көрген» [5, 528].

Академик Р.Сыздықова қара сөздерді ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеуге міндеттейтін ғылыми мәні бар пікір білдіреді: «Публицистикалық жанр ма, ғылыми-баяндау жанры ма немесе тағы басқасы ма – ол Абай прозасының жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты зерттегеннен кейін тұжырымдалатын жайт екендігі белгілі» [5, 532].

Қара сөздердің бойында бірнеше жанр элементтері барын абайтанушы М.Әуезов, Р.Сыздықова және өзге ғалымдар да дәл көрсетеді.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов қара сөздерді: «бүкіл қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болып көрмеген, жанрлық стильдік ерекшелігімен айрықша дараланатын туынды», – деп ерекше бөліп көрсетеді де, оның өзіндік сипатының түп тамырын шығыс әдебиетінде өріс алған «намелер» дәстүрімен сабақтасып жатқан құбылыс деп таниды [6, 141].

Қара сөздер табиғатын тануды мақсат еткен белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев оның публицистикалық сипатының басымдығын айрықша бөліп көрсетеді [7, 119]. Х.Сүйіншәлиев қара сөздерді жанрлық-стильдік ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөліп, философиялық трактат, дидактикалық насихат, публицистикалық, көркем прозалық элементтері бар әңгіме деп саралайды.

Қара сөздің тақырып мазмұнын, стильдік ерекшелігін қарастырған зерттеулер қатары жалғаса түсті, педагогикалық трактат (А.Көбесов); әдеби-философиялық жанр (Ш.Елеуқенов); Шығыс әдебиетіндеі «намелер» дәстүрі (М.Мырзахметов) т.б. сияқты ғылыми-теориялық

мәселелер аясында әдебиеттегі жаңа құбылыстың (Қарасөздің) табиғатын ашуға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Белгілі әдебиетші ғалым С.Негимовтің: ...«ақылына ұшқырлығы, адамдығына хакімдігі, көшелілігіне көсемдігі, білімдарлығына майталман ділмарлығы әдемі ұштасқан айтулы айтқыш Абай», – деген сараптамасында [8, 79] қара сөздер жанрын қазақ болмысына етене жақын шешендік сөз өнерінің толысқан, жаңаша жетілген түрі деп қараған.

Әдебиетші Ж.Шойынбет «Абай қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері» атты зерттеуінде Абай қара сөздерінің жанр ретіндегі құрылымын айқындап, стильдік ерекшелігін анықтайды. Еңбекте қара сөздердің болмыс-бітіміне қатысты «Жаңа жанрлық түр», «Қазақ әдебиетінде жаңаша үрдіс әкелген ерекше жанрлық, стильдік құбылыс» деген сипаттамалар беріледі [9, 14-24]. Алайда, қара сөз жанры нақты белгілеуді қажет етеді. «Жаңа жанрлық түр» деген жалпы сипаттама ол қандай жаңа жанр екенін нақтылауды қажет етері сөзсіз.

Даланың данагөйі Абай – қазақтың көз-құлағы көп жаттықпаған сөз айтудың өзгеше түрін тапты, сондықтан Абайдың тілдік тұлғасын саралау барысында Қарасөздердің жанрлық мәртебесін нақтылау – ең басты мәселе болып табылады, өйткені өнердің өмірдегі көркем шындығын дәл таныту мен дұрыс ұғындыру және өзге шындық ішінен дәл соны таңдау себебі белгілі бір жанр табиғатымен үйлеседі. Біз зерттеуімізде көркем сөз өнеріне Абай арқылы қадам басқан, осы «тосын жанрдың» (эссенің) табиғатын анықтап, «қайдан, қалай енген құбылыс?» деген сұраққа жауап беруді мақсат тұттық.

Қара сөздер жанрын «эссе» деп айқындау үшін: сол эссенің өзіне тән белгілері қандай, ол қара сөздерде қаншалықты байқалады? деген сұрақтарға жауап беру қажет. Соған орай, «эссе» термині мен эссе жанрына қатысты кейбір мәселелер қарастырылған болатын [3, 263].

Эссе жанрының күрделі табиғатын, ғылыми теориялық мәселелерін анықтауға байланысты зерттеулер әлі де тереңдетуді қажет етеді. Ерекше әдеби жанр ретіндегі эссе мәселесі күрделі әрі шешімін таба қойған жоқ.

Жанрлық бітімі бөлек болуымен бірге айтар ауқымы да кең, философиялық, тарихи, өмірбаяндық, діни, публицистикалық, сыни, әдеби, моральдық, ғылыми-көпшілік мазмұндағы жанр – эссе деп анықталған. Эссе – субъективті реңкі басым ой иеленген, философиялық, педагогикалық, публицистикалық, этикалық, әдеби-сыни, тарихи, ғылыми өмірбаяндық, беллетристикалық табиғатымен сипатталатын айрықша Сөз өнері. Эссе – ол көркем әдебиеттің прозалық шығармасы.

Эссе әдеби жанрының нақты, тұжырымды анықтамасын беру қиын, әрі күрделі. Эссеге тән қасиет-белгілердің бір қатары: 1) жазушының (авторының) әртүрлі мәселелер төңірегінде ой түюі (ой кешуі); 2) оны жан-жақты терең толғануы және 3) бір тақырыптан екіншісіне ауысуы, соны еркін баяндауы мен 4) мәліметтерінің бір жүйеде берілмеуі деуге болады. Оның тағы бір өзіндік белгісі: Эссе жанрына жататын шығармаларда міндетті түрде алдыңғы орынды автор тұлғасы иеленеді.

Қорытынды. Ақын, философ-ойшылдың шығармашылық мәнмәтіні – қара сөздері – лингвотанымдық мәні тұрғысынан одан әрі талдану қажеттігі, яғни тілдік ерекшелігі, жанрлық мәртебесі, когнитивтік мәні, әр қырынан қарастырылуы керектігі әлі де көкейкесті. Тілдік тұлғаның рухани-танымдық құндылығының антропоэктілік ұстаным бағытында жаңаша байыпталуы да бұл мәселенің танымдық теориялық тұрғыдан өзектілігіне дәлел бола алады.

Абай қара сөздері – ұлттық рухтың бірегей көрінісі, рухани биіктіктің өлшемі. Ұлы Абай қазақтың тілі мен ойының мәйегі, пайым-парасатының деңгейіне айналған шығармаларды ұрпаққа мұра етті. Абайдың бізге қалдырған рухани мұрасында әлемдік философиялық ой қазынасына қосылар құнды пікір-пайымдаулар мол. Ойы терең, мәні құнды парасатты, рухани дүниелердің қатарында қазақтың ұлы ақыны Абай қара сөздерінің шоқтығы биік.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ.мақалалар және әдеби зерттеулер. –Алматы: Жалын, 1994. - 464 б.
2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. - 20 т. -Алматы: Жазушы, 1985. - 496 б.
3. Мұратова Г. Абай тілі және қазақ тілі білімінің мәселелері. – Т.1. Абай сөзі – парасат әлемі: лингво-танымдық зерттеу. Нұр-Сұлтан: 2021. – 228 б.
4. Абай тағлымы: Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Н.Габдуллин. – Алматы. Жазушы, 1986. – 432 б.
5. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
6. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары.–Алматы: Қазақ университеті, 2017.-290 б.
7. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қарасөздері. - Алматы, 1956.
8. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.
9. Шойынбет Ж.А. Абай қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд...авторефераты. –Алматы, 2004. - 33 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТОПОНИМДЕР¹

*ДОСЖАН Р.А.,
А. Қуатбеков атындағы ХДУ,
филология ғылымдарының докторы,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
профессоры. Шымкент, Қазақстан*

Аннотация: В статье были затронуты названия земельно-водных объектов в трансграничных регионах Казахстана, которые до настоящего времени не являлись объектом исследования, в том числе зимовья, о которых не так много говорится. Эти имена, имеющие глубокие исторические корни, отличаются устойчивостью, поэтому многие тысячи топонимов просты в образовании и понятны населению по смыслу. Также имеется ряд топонимов, которые имеют смутное значение, неоднозначную этимологию, неоднозначность мнений. Учитывая эти проблемы, мы поставили перед собой цель определить происхождение, этимологию названий зимовок в этом регионе. Для раскрытия этимологии названий проведен сравнительный и сопоставительный анализ с материалами родственных и неродственных языков. В ходе исследования выяснилось, что область распространения слов, лежащих в основе некоторых названий, довольно обширна.

Ключевые слова: топоним, происхождение, значение, суффикс, корень, именование, мотив, этимология, географический термин.

Abstract: The article touched upon the names of land and water bodies in the transboundary regions of Kazakhstan, which have not been the object of research until now, including winter quarters, about which not much is said. These names, which have deep historical roots, are stable, so many thousands of toponyms are easy to form and understandable to the population in meaning. There are also a number of toponyms that have a vague meaning, ambiguous etymology, and ambiguity of opinions. Taking into account these problems, we set a goal to determine the origin, etymology of the names of wintering grounds in this region. To reveal the etymology of the names, a comparative and comparative analysis was carried out with the materials of related and unrelated languages. In the course of the study, it turned out that the area of distribution of the words underlying some names is quite extensive.

Keywords: toponym, etymological basis, meaning, suffix, root, naming, motive, etymology, geographical term.

¹ Мақала ҚР БЖҒМ-нің АР08855686 – «Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» атты мемлекеттік гранты аясында әзірленді (2020-2022 жылдарға арналған).